

**«ЭКОлаб» Акционерлік қоғамы (Акционерное общество «ЭКОлаб»)
«Биотин + Гиалурон қышқылы + С дәрумені ЭКОлаб» (Биотин + Гиалуроновая
кислота + Витамин С ЭКОлаб)**

Биотин (Биотин): В тобының маңызды дәрумені (B7), немесе Н дәрумені, ағзаның өзінің коллагенін өндіруге ықпал етеді, ақуыздар, майлар мен көмірсулардың сіңуіне көмектеседі, қандағы глюкоза деңгейін қалыпқа келтіреді. Дұрыс тамақтану кезінде адамның ішек микрофлорасы биотинді жеткілікті мөлшерде синтездейді.

Теңгерімсіз тамақтану мен күйзеліс жағдайлары биотин тапшылығына әкелуі мүмкін. Алғашқы айқын белгілері — тырнақтың сынғыштығы мен қабыршақтануы, шаштың түсуі, дерматит.

Гиалурон қышқылы (Гиалуроновая кислота): адамның ағзасының табиғи компоненті. Ол 25 жасқа дейін жеткілікті мөлшерде өндіріледі. Буын шеміршектерінде, көз алмасында, мида, жүрек қақпақшаларында, сілекейде және ең бастысы теріде көп мөлшерде кездеседі. Терідегі гиалуронат ағзадағы жалпы мөлшердің жартысынан астамын құрайды. Гиалурон қышқылы суды байланыстырып, ұстап тұру қасиетіне ие, терінің серпімділігі мен икемділігін қамтамасыз етеді, қартаюдың көзге көрінетін белгілерін тежейді.

С дәрумені (Витамин С): ағза үшін рөлі зор, көптеген маңызды алмасу процестеріне қатысады.

— С дәрумені ағзаның өзінің коллагенін және эластинін өндіру үшін қажет; пролин, оксипролин және глицин сияқты аминқышқылдарынан коллагеннің түзілуіне қатысады.

— С дәрумені гиалурон қышқылының ағзада жақсы сіңуіне көмектеседі.

Қолданылу саласы (Область применения): ағзаға гиалурон қышқылы мен биотиннің көзі, қосымша С дәруменінің көзі ретінде.

Құрамы (Состав): тазартылған су, глицерин (қоюландырғыш), алма шырыны концентраты, натрий гиалуронаты, биотин, С дәрумені (L-аскорбин қышқылы), натрий гидроксиді (қышқылдық реттегіш), калий сорбаты (E202, консервант), «Өрік» хош иістендіргіші.

Шығарылу түрі (Форма выпуска): ішке қабылдауға арналған сұйықтық, 100 мл немесе 250 мл флаконда, өлшеуіш қасықпен (стақаншамен) бірге.

Қолдану жөніндегі ұсынымдар (Рекомендации по применению): ересектерге күніне 2 рет, тамақтың алдында 5 мл қабылдау қажет. Қолданар алдында флаконды шайқау керек.

Қабылдау ұзақтығы (Продолжительность приема): 1 ай. Қажет болса, қабылдауды қайталауға болады.

Қарсы көрсетілімдері (Противопоказания): жеке компоненттерге төзімсіздік, жүктілік, бала емізу. Қолданар алдында дәрігермен кеңесу ұсынылады.

Жарамдылық мерзімі және сақтау шарттары (Срок годности и условия хранения): 2 жыл. Балалардың қолы жетпейтін жерде, +25°С-тан аспайтын температурада сақтау керек. Ашылған флаконды тоңазытқышта 1 айдан артық сақтамау қажет.

Сатылу шарттары (Условия реализации): дәріхана желісі, мамандандырылған дүкендер, сауда желісі бөлімдері арқылы.

Өндіруші кәсіпорын / талаптарды қабылдайтын ұйым (Предприятие-производитель / организация, принимающая претензии):

«ЭКОлаб» АҚ, Ресей, 142530, Мәскеу облысы, Электрогорск қ., Буденный көшесі, 1-үй.

Тел.: 8-800-333-33-47

Интернет-сайт: www.ekolab.ru

Биологиялық белсенді тағамдық қоспа (Биологически активная добавка к пище). Дәрілік зат болып табылмайды (Не является лекарственным средством).

Тәуліктік дозадағы (5 мл) биологиялық белсенді заттардың мөлшері (Содержание биологически активных веществ в суточной дозировке (5 мл)):

Көрсеткіш (Показатель)	Тәуліктік түсуі (Поступление в сутки)	Тұтыну деңгейі – жоғарғы рұқсат етілген деңгей (Уровень потребления – верхний допустимый уровень)	% тұтыну деңгейінен (% от уровня потребления)
Гиалурон қышқылы	70 мг	50 мг** – 150 мг**	140%
С дәрумені	60 мг	60 мг* – 900 мг**	100%
Биотин	140 мкг	50 мкг** – 150 мкг*	280%

* Тәуліктік адекватты тұтыну деңгейі.

** Жоғарғы рұқсат етілген деңгей / негізгі тағамдық заттарға тәуліктік орташа қажеттілік (Қосымша 5 «Санитарлық-эпидемиологиялық және гигиеналық талаптар...», ТР/ТС 022/2021, қосымша 2).

Top of Form

Bottom of Form